



15-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ, 3-БӨЛІМ

Құпия ақпаратқа кіріспе





Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 3-бөлім

Дәріс: Құпия ақпаратқа кіріспе

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

Осы уақытқа дейін құқық ой немесе ақпаратқа жеке меншік құқығын беруден бас тартып келді. Сондай ақ, идея шығарушы немесе бұрын анықталмаған ақпаратты бақылаушы адамдар соңғылары міндеттемелермен байланысты болған жағдайда оны өздері көрсете алса басқаны пайдалануға немесе сол идеяларды не ақпараттарды анықтауға жол бермеуі де мүмкін. Құпиялылықты бұзу заңы сондай міндеттемелер бар болған жағдайда анықтайды. Сот ісі айтарлықтай дәрежеде міндеттемелер салуға аландаушылық танытқандықтан, идея немесе ақпарат құпия болып табылғанға дейін қорғалуы мүмкін заттың түріне қатысты кейбір шектеулер бар. Тиісінше, құпиялылықты бұзу туралы сот ісі кең ауқымды болып табылады және жеке, коммерциялық, техникалық ақпаратқа, сондай-ақ сауда құпиялары, ноу-хау және мемлекеттік ақпаратқа қатыстылығы жағынан қолданысқа ие.

Төрағалық етуші судья Киннидің: «құпиялылықты бұзу құқықтың дамушы саласы болып табылғандықтан оның шекарасы өзгеріссіз емес, бірақ қоғамдағы, технологиялардағы және бизнес тәжірибедегі өзгерістерге ден қою арқылы өзгеруі мүмкін» деп мәлімдегені шындық болып қалмақ. Сот ісінің соншалықты кең ауқымды болуына байланысты көптеген түрлі рөлдер атқарып, бірталай мүдделерді қорғайды. Сот ісі идеялардың тексерілуі және қорқынышсыз иелену үрдісінің дамуы мүмкін кеңістікті көздегендігінен, ол ұйымдарға оған инвестиция салып, зерттеу жүргізуге мүмкіндік береді (осылайша сот ісі заңдарында көрсетілген зияткерлік меншік құқығы тәртібіне маңызды қосымша ретінде әрекет етеді). Кей жағдайларда құпиялылық сенімді тұлғалардың аз бөлігіне ақпаратты ашуды мақұлдайды. Дегенмен, сот ісі жеке автономияны, жеке тұлға мен жекешелікті қорғау мақсатында құпиялылықтың ашылуын шектеу үшін жиі қолданылады. Келісімдерге құрмет таныта отырып, шынайы бәсекелестікті жылжытады. Шын мәнінде, құпиялылықты бұзу басқа құқықтық жүйелердегі әділетсіз бәсекелестік туралы заңды жүзеге асыратын кейбір жұмыстар легін орындады. Құпиялықты бұзу көптеген тапсырмаларды жүзеге асырады, нақтылар болсақ, жеке өмірге қол сұқпаушылық ортақ құқық негізінде жүзеге асырылады, бұл қазіргі таңда жеке ақпаратты теріс пайдаланудың азаматтық құқық бұзушылығымен орын алуда. Соңғы жұмыс шығу тегінің болуы мүмкін екі нұсқасын көрсетіп берді. Біріншісі жария етілмеген жұмыстарға ортақ құқық беру шеңберіндегі жекеменшік құқығына (авторлық құқық) қатысты 18-ші ғасырдағы шешімдердің тұтас сериясы бойынша сот істерін бақылайды. Екінші нұсқасы Кларкке қарсы Коко ісінде 16-шы ғасырға дейін сот істері қадағаланып келген кеңсе Сотының жалпы юрисдикция туралы әңгіме кезінде судья Мегарриден қолдау тапқан болатын, ол туралы Сэр Томас Мор «келесідей 3 нәрсе ар-ождан институтының дамуына көмектесу керек: алаяқтық, жазатайым оқиға және құпиялылық сәттері» деген болатын.

Осы уақытқа дейін халықаралық келісім-шарттар құпия ақпараттар мен сауда құпияларын қорғауды талап ететіндігі нақты болмады. Алайда бұл оқиға «ашылмаған ақпаратты» заңды тәсілмен бақылаушы қорғауды ұсынатын қатысушы елдерден талап ететін саудамен байланысты жеке меншіктілік құқық аспектілері туралы келісім 1994 TRIPS фактісі нәтижесінде өзгеруді талап етеді. Толығырақ, ТРИПС-тің 39-бабына сәйкес, әділетсіз бәсекелестікті қорғауды қамтамасыз ету барысында қатысушы елдер жеке және заңды тұлғаларға осы ақпараттың басқа тұлғалармен (келісусіз) шынайы коммерциялық тәжірибе тізбегінде ақпаратты ашуға, алуға немесе пайдалануға қарсы өздерінің бақылауындағы ақпараттың құқықтық қорғалуын қамтамасыз етуі тиіс деп мәлімдейді. 39 бап ақпараттың қорғалуын талап етеді, егер ол құпиялы болса өз құпиялылығынан коммерциялық құндылыққа ие болып, оның құпиялылығын қамтамасыз ету үшін негізделген қадамдар мәні болып табылады. Қазір ТРИПС пен Еуропалық одақта сауда құпияларын арасындағы өзара қарым-қатынас түсінігі бар, себебі Сауда құпиялары директивіндегі сауда құпияларының анықтамасы тікелей 39(2) ТРИПС мақаласынан туындап шығады. Соңғы бірнеше онжылдықтар бойы коментаторлардың назары сот ісінің доктриналық негіздеріне түсті. Жекелеп алғанда коментаторлар құпиялылықтың бұзылуы келісім-шартта, азаматтық құқықбұзушылықта, меншілікте немесе әділдікте тамырланғандығын талқылауда. Алайда бұл дебаттар жеміс әкелмеуі де мүмкін, сот ісінің доктриналық негіздеріне келетін шешімдер құқықтық нормалары мен шектеу кезеңдерінің дау-дамайлы мәселелері туралы сөз қозғалғанда маңызды себептерге ие болуы мүмкін.

Сондай-ақ, сот ісінің бірыңғай доктриналық немесе идеологиялық (тұжырымдамалық) негізін анықтау мүмкіндігі болмағандықтан сот ісінің көптеген аспектілері бұлыңғыр көмескі. Жекелеп алғанда, идеялық (тұжырымдамалық) белгісіздік үшінші тараптың (және қосалқы қатысушылардың), ақпаратты сатып алушы сырттан келетін адал тұлғалардың және негізгі құқықтарды қорғау тәсілдеріне қатыстылығы жағынан шатасуға себеп болып табылады. Құпиялылықты бұзудың үнемі қолжетімсіз болып келетін болжалды доктриналық негізін жақсырақ нұсқа ретінде орналастыру өзінің жеке құқығына сәйкес құпиялылықты бұзуда да сот ісінің жеке себебіне де жатқызылады. Канадалық соттарда қолданысқа енген



бұл тәсіл сот ісінде белгілі бір юрисдикциялық негізге байланысты болмайтынын көрсеткен болар еді. Құпиялылықтың бұзылуын өзіндік ерекшелігі бар іс ретінде қарау кезіндегі артықшылық соттардың белгілі бір конвенциялармен немесе модельдермен шектелмегендігі болып табылады. Сондай-ақ, «қолданыстағы құқықты барынша түсінікті, болжамды және әділ болуы үшін қайта ұйымдастыру мүмкін бе?» деген сұрақты мейлінше жемісті деп қарастыруға болады. Бір ғана ықтималдылық құпиялылықтың бұзылуын бір-бірімен байланысқан бірнеше сот істеріне бөліп тастар еді. Бұл ретте соттар әсер етуші мүдделерге деген ережені жақсы жағына орналастырып, нақты сол жағынан зор нақтылық пен айқындылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мұндай көзқарас әр түрлі ақпараттың, әсіресе жеке, коммерциялық немесе үкіметтік ақпаратқа қатысты түрлі ережелердің қолданысқа ие болатынын көрсетеді. Жеке өмірге қол сұғылмау құқығын бұзу арқылы құпиялықты бұзуда жүзеге асырылуы мүмкін көптеген міндеттерді (егер бәрі болмаса) іске асырды, бұндай келеңсіздіктер көп уақыттар бойы Ұлыбритания құқығында қолданысқа ие болды.

Кэмпбелл ісінде Лордтар палатасы растап берді. Бұл ретте, Лордтар құқықтың қандай жағдайда қолданысқа енуі тиіс екеніне келіспеуі де мүмкін еді, алайда «жеке өмірге баса көктеп кіру үшін сот істерінің кешенді себептері» болмаса да келісімдерін берді. Британ соттары қорғауға дайын емес болып табылатын жеке өмірдің кейбір салалары әлі күнге дейін бар. Әрине, мыңжылдықтың кезегіне ауысқан кезде, жеке ақпаратты қорғау құқығының өзгергендігі байқалды. Мұның көп бөлігі 1998 жылғы Адам құқықтары туралы заңның күшіне енгеннен кейінгі оқиғалардың нәтижесі болып табылмақ, соттар Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық конвенцияның 8-бабында қамтылған талаптарды орындауға кірісіп, адамдарға «жеке меншік құқығын құрметтеу, отбасы өмірі мен жеке өмір, олардың үйлері мен хат-хабарларына құрмет көрсету құқығы» берілді. Тиісінше, сот сот ісін жүргізудің екі түрлі және нақты себептері бар деген келесідей пікірді алға тартты:

- құпиялылықты бұзу туралы сот ісі;
- жеке мәліметтерді теріс пайдалану туралы сот ісі.

Құпиялылықты бұзған кезде жеке ақпаратты қорғауға мүмкіндік болған жағдайда, сот процесі үшін ең қолайлы себеп жеке ақпаратты теріс пайдалану болып табылады. Демек, біз осы екі себеппен сот істерін бөлек-бөлек қарастыратын боламыз. Кэмпбелл ісінде айқын болғаны ол ондағы құпиялылықты бұзғаны үшін ортақ заңға сүйе отырып, Наоми Кэмпбелл мәліметтерді қорғау құқығының бұзылуына қатыстылығы бойынша көмек іздей бастады. Сот ісін Кэмпбеллдің ісінде табысқа жете алмағанымен, адамның имиджі оның рұқсатынсыз пайдаланылған басқа жағдайларда қолданылуы мүмкін сот ісінің баламалы себебіне мән берілді. Шындығында Кэмпбелл ісі табысқа жете қоймағанымен, адам бейнесі оның рұқсатынсыз пайланылатын басқа жағдайларда қолданысқа енуі мүмкін сот істеріндегі баламалы себепке мән болары сөзсіз.

2018 жылғы 25 мамырдан бастап мәліметтерді қорғау мәліметтерді қорғаудың жеті принципін құрайтын мәліметтерді қорғау ережесімен реттеліп келді (DataProtectionRegulation). Мәліметтер келесілерді міндеттейді:

- адал және заңды түрде өңделуді;
- көрсетілген және заңды мақсаттар үшін алынып, қолданылады;
- адекватты, орынды және шамадан тыс болмау;
- қажетті мерзімнен көп сақталмауы;
- тұлғалардың құқықтарына сәйкес өңделу.

Құпиялылықты бұзу туралы талап қою үшін Кларкке қарсы Коко ісіне сәйкес өтініш беруші келесі міндеттерді көрсету керек:

- ақпарат қорғалуы мүмкін;
- жауапкер өтініш берушінің алдында ақпаратты құпия түрде сақтауға;
- жауапкер ақпаратты осы міндеттемені бұзатын тәсілмен пайдаланған.